

## **«Парасаттылық - Ұлы Абай мұрасы» кураторлық сағаты**

**15.05.2020 ж. «Парасаттылық – Ұлы Абай мұрасы» тақырыбында онлайн кураторлық сағаттар өткізілді,** сондай-ақ, «Адалдық сағаты» онлайн бейне дәрістері колледждің әлеуметтік желісінің парақшасында орналастырылды. Парасаттылық дегеніміз не? Оған қалай жетуге болады? Бүгінгі таңда білім беру кеңістігінің барлық қатысушыларын толғандыратын осы мәселелер. Ұлы ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған іс-шараның мақсаты өскелең ұрпақтың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, адалдық, парасаттылық қағидаттарын тәрбиелеу және мәдениет деңгейін арттыру болып табылады. Кураторлық сағат барысында студенттерге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің парасаттылық Департаменті директорының орынбасары Ғанижан Асанұлының бейнеролигі көрсетілді. Сөз сөйлеушілер Абайдың Қара сөздерінің жас ұрпақ үшін үлкен маңызы бар екенін атап өтті. Қазіргі жастар ақынға құлақ асып, өз халқының салт-дәстүрін ұстануға тырысады. Осылайша біз ұрпақтан ұрпаққа берілетін қазақ халқының ұлттық бояуын сақтайтын боламыз. Студенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары туралы толық ақпарат берілді (қамтылуы –250 адам)

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті  
Инновациялық технологиялар колледжі

## «Адалдық сағаты» бірыңғай республикалық акциясы

